

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ
Қоғамдық кеңестің отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 18

2026 жылдың «27» ақпан

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы ZOOM конференц байланысы арқылы өткізіледі, сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/85896281634?pwd=O9T0cIfAcWwTnesUh54S8z9b4ufwd4.1>.

Отырысқа қатысқандар:

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Боровая Наталья Алексеевна
2. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
3. Калкабаев Азамат Муратбекович
4. Оспанова Гульден Джетысовна
5. Нұрлыбаев Нұркен Аргинқазыұлы
6. Тикенов Еркін Амангельдинович
7. Курумбаев Айбулат Шамуратович
8. Акильбеков Берик Ахмедиянович
9. Салимова Вагида Вилиновна

Сапакова Динара Борисовна

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

10. Мусина Шырын Каиргельдиновна
11. Бердибеков Даурен Айдарович.

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум бар.

Күн тәртібі:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын мәлімет ретінде қабылдау.
2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамын өзгерту.
3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау.
4. Есептер мен мониторинг нәтижелерін тыңдау қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Күн тәртібіндегі бірінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарын мәлімет ретінде қабылдау» мәселе бойынша Қоғам департаменттерінің директорлары Бердібеков Д., Траиспаева М., Жумагаева А. сөз сөйлеп, Қоғамның қызметі туралы есепті ұсынды және негізгі бағыттарды атап өтті:

туристік саладағы инвестициялық жобаларды, оның ішінде қонақүй және курорттық инфрақұрылымды сүйемелдеу және құрылымдау қамтамасыз етілді, жеке капиталды тартуға және жаңа нысандарды іске қосуға басымдық берілді;

халықаралық серіктестермен инфотурлар, салалық көрмелерге қатысу, роуд-шоулар мен медиа-жобалар арқылы Қазақстанды басым нарықтарда халықаралық ілгерілету күшейтілді;

тікелей әуе қатынасын дамыту және нысаналы елдердің туризм бизнесімен В2В-кездесулер өткізу есебінен шетелдік нарықтармен өзара іс-

қимыл кеңейтілді;

агротуризм, оқиғалық, медициналық және МІСЕ-туризмді дамыту бағдарламаларын іске асыру жалғастырылды, сондай-ақ якорлық іс-шаралар күнтізбесі қалыптастырылды;

қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді: орналастыру орындарын жіктеу енгізілді, стандарттар жаңартылды, нарық қатысушыларын оқыту ұйымдастырылды және гидтер тізілімі цифрландырылды.

Талқылау барысында Қоғамдық кеңес мүшелері (бұдан әрі Кеңес) бастамалар мен іс-шаралардың едәуір бөлігі (соның ішінде агротуризм және заңнамалық түзетулер бөлігінде) Кеңес алаңында алдын ала талқыланбай, постфактум тәртібімен ғана ұсынылатынына алаңдаушылық білдірді.

Сондай-ақ, Сенатта қаралып жатқан заң жобасының мәртебесіне, агротуризм бойынша ұсыныстардың оның қолданыстағы редакциясына енгізілген-енгізілмегеніне, сондай-ақ оқиғалық іс-шаралар күнтізбесінің қалай қалыптастырылатынына қатысты сұрақтар қойылды.

Сондай-ақ мынадай ұсыныстар айтылды: фермерлік шаруашылықтарға қолдау көрсету, мемлекет қалыптастыратын оқиғалық іс-шаралар күнтізбесіне қосымша іс-шараларды енгізу, мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту, орнитологиялық туризмді дамыту, туроператорлар үшін эквайринг мәселесін пысықтау.

Бұдан бөлек, салалық шешімдерді әзірлеу процесіне Кеңесті тарту және өзара іс-қимылды жақсарту жөніндегі бастамалармен Қоғам басшылығына Қоғамдық кеңес атынан ресми хат жолдау қажеттігін хаттамада бекіту ұсынылды.

Қорытындылай келе, Кеңес мүшелерінің ұсынымдары хаттамаға енгізу және одан әрі ресми қарау үшін жазбаша түрде жолдануы тиіс екені атап өтілді.

Күн тәртібінің төртінші «Есептер мен мониторинг нәтижелерін тыңдау қорытындылары бойынша ұсынымдар әзірлеу» мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғаммен өзара іс-қимылды неғұрлым операциялық деңгейде ұйымдастыруды ұсынды: ұсыныстарды алдын ала пысықтау тетігін нақтылау және ресми түрде бекіту, жұмыс форматын (Zoom-кездесулер, жұмыс тобы/кіші комитет) құру, Кеңес ұсынымдарының шешімдер қабылданғаннан кейін емес, оларды әзірлеу кезеңінде қаралуын қамтамасыз ету.

Күн тәртібінің бірінші және төртінші мәселелері бойынша ашық дауыс беру нәтижесінде Қоғамдық кеңес бірауыздан ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның 2025 жылға арналған қызметі туралы есебі назарға алынсын.
2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-мен өзара іс-қимыл жөніндегі ұсынымдар әзірленіп, жеке хатпен жолдансын.

Күн тәртібіндегі екінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамын өзгерту» мәселе бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері резервтік тізімнен екі кандидатураны Кеңес құрамына енгізуді ұсынды. Сондай-ақ Кеңес құрамынан: Қоғамдық кеңестің чатында құрамнан шығу туралы өтініш берген Нуркебаева А.-ны, алдыңғы отырыстарға үш реттен артық келмеу себептері бойынша ауызша не жазбаша түсініктеме бермеген Абдрахманқызы С.-ны шығару ұсынылды. Бұдан бөлек, Сапакова Д.-ны Кеңес отырыстарына үш реттен артық қатыспауына байланысты, өзі ұсынған жазбаша түсініктемелерді ескере отырып, құрамнан шығару мәселесі дауысқа қойылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауысқа Қоғамдық кеңестің мынадай шешімдері қойылды:

1. Қоғамдық кеңес құрамынан мына мүшелер шығарылсын:
Нуркебаева А. (құрамнан шығу туралы өтініш беруі негізінде),

Абдрахманқызы С. (отырыстарға үш реттен артық келмеуі және отырыстар өткізілгенге дейін дәлелді себептер туралы хабарламауы негізінде).

2. Сапакова Д. (отырыстарға үш реттен артық келмеуі) Қоғамдық кеңес құрамында қалдырылсын.

3. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына Басқарма Төрағасының м.а. 2024 жылғы 07 тамыздағы № П-47 «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі туралы» бұйрығымен бекітілген резервтік тізімнен мына кандидаттар енгізілсін:

1) Сырғабаева Дина Избасаровна;

2) Қайырханқызы Аяжан.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 4

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

1. Қоғамдық кеңес құрамынан мына мүшелер шығарылсын: Нуркебаева А. (құрамнан шығу туралы өтініш беруі негізінде), Абдрахманқызы С. және Сапакова Д. (отырыстарға үш реттен артық қатыспауы және отырыстар өткізілгенге дейін дәлелді себептер туралы хабарламауы негізінде).

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына Басқарма Төрағасының м.а. 2024 жылғы 07 тамыздағы № П-47 «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі туралы» бұйрығымен бекітілген резервтік тізімнен мына кандидаттар енгізілсін:

1) Сырғабаева Дина Избасаровна;

2) Қайырханқызы Аяжан.

3. Қоғамдық кеңес мүшесінің бос орнына қосымша конкурс жарияланып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті рәсімдер жүзеге асырылсын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 7

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Ашық дауыс беру нәтижесінде, электрондық сауалнама жүргізу арқылы, Қоғамдық кеңес көпшілік дауыспен **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоғамдық кеңес құрамынан мына мүшелер шығарылсын: Нуркебаева А. (құрамнан шығу туралы өтініш беруі негізінде), Абдрахманқызы С. және Сапакова Д. (отырыстарға үш реттен артық қатыспауы және отырыстар өткізілгенге дейін дәлелді себептер туралы хабарламауы негізінде).

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің құрамына Басқарма Төрағасының м.а. 2024 жылғы 07 тамыздағы № П-47 «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесі туралы» бұйрығымен бекітілген резервтік тізімнен мына кандидаттар енгізілсін:

1) Сырғабаева Дина Избасаровна;

2) Қайырханқызы Аяжан.

3. Қоғамдық кеңес мүшесінің бос орнына қосымша конкурс жарияланып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті рәсімдер жүзеге асырылсын.

Күн тәртібіндегі үшінші «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау» мәселе бойынша.

Қоғамдық кеңестің қолданыстағы Төрағасының өкілеттік мерзімі 2026 жылғы 15 ақпанда аяқталуына байланысты, отырыста кезекті мерзімге жаңа Төрағаны сайлау рәсімін өткізу мәселесі қаралды.

Кеңес мүшелері жаңа Төрағаны 2026 жылғы 01 наурыздан бастап 6 (алты) ай мерзімге сайлауды, ал қолданыстағы Төрағаның өкілеттігін 2026 жылғы 28 ақпанға дейін ұзартуды ұсынды.

Ықтимал кандидаттар бойынша ұсыныстар айтылып, күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша мынадай шешімдер ұсынылды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы Қалқабаев Азамат Мұратбекұлының өкілеттігі 2026 жылғы 28 ақпанға дейін ұзартылсын.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы болып Боровая Наталья Алексеевна 2026 жылғы 01 наурыздан бастап 6 (алты) ай мерзімге сайлансын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 1

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы Қалқабаев Азамат Мұратбекұлының өкілеттігі 2026 жылғы 28 ақпанға дейін ұзартылсын.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы болып Салимова Вагида Вилиновна 2026 жылғы 01 наурыздан бастап 6 (алты) ай мерзімге сайлансын.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 7

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы Қалқабаев Азамат Мұратбекұлының өкілеттігі 2026 жылғы 28 ақпанға дейін ұзартылсын.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасын сайлау мәселесін кейінгі мерзімге қалдыру.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша дауыс беру қорытындылары:

«Қолдады» – 4

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

Ашық дауыс беру нәтижесінде, электрондық сауалнама жүргізу арқылы, көпшілік дауыспен Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы Қалқабаев Азамат Мұратбекұлының өкілеттігі 2026 жылғы 28 ақпанға дейін ұзартылсын.

2. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Қоғамдық кеңесінің Төрағасы болып Салимова Вагида Вилиновна 2026 жылғы 01 наурыздан бастап 6 (алты) ай мерзімге сайлансын.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген барлық мәселелер қаралды. Отырыстың хаттамасы қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Компанияның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

**Қоғамдық кеңесінің
Төрағасы**



А. Калқабаев

**Қоғамдық кеңесінің
Хатшысы**



Ш. Бакаева